

## **Дәріс - 9**

### **Неомифологизм және мифопоэтика.**

Классикалық және архаикалық мифті оқып үйренудің күшейгендігі. Мифопоэтикалық ойлауды танудың тәсілдері: психоаналитикалық, юнгиандық, ғұрыптық-мифологиялық (Б.Малиновский, Дж. Фрейдер), символикалық (Э.Кассирер), этнографиялық (Л.Леви-Бриоль), структуралистік (К.Леви-Стросс, М.Элиаде, В.Гернер), постструктуралистік (Р.Барт, М.Фуко) және басқалар. Мифопоэтиканың қалыптасуындағы орыс ғалымдарының ролі. (В.Я.Пропп және О.М. Фрейденберг). Көркем шығармалардың өрімінде мифологиялық сюжеттер мен мотивтердің пайдаланылуы. Неомифологизмнің негізгі сипаттары. Неомифологиялық поэтиканың дамуындағы Қазақстан ғалымдарының ролі (С.Қасқабасов, Р.Бердібаев, Б.Байтанаев, Н.Келімбетов, Е.Тұрсынов).